


Ғылым министірлігі Семей қаласының
Шәкәрім атындағы мемлекеттік
университеті

Тақырыбы: Нозология

Орындаған: Керім Ш



Аурудың мәнін түсіну үшін денсаулықтың не екенін түсіну қажет. Бүгінгі күнге дейін денсаулық толық зерттелмеген. Дені сау жануар деген түсініктің нағыз белгілері әлі жинақталмаған.

Қалыптылық (қан қысымы-ның деңгейіг дененің температурасыг қан жасушаларының саны, қандағы әртүрлі заттардың глюкозаның, нәруыздың ж. б. деңгейі т. с. с.) көрсеткіштердің көпшілікке тән арифметикалық орташа деңгейімен анықталады. Ал, бұл көрсеткіштер әр жерде әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, таулы жерлердегі жануарлардың қанында эритроциттердің саны орташа арифметикалық деңгейден көп болуы мүмкін.

Аурудың жіктелуі

Пайда болу себептеріне қарай: туа біткен және жүре пайда болған аурулар деп ажыратылады. Туа біткен аурулар: тұқым қуалайтын тектік ерекшеліктерден немесе іштегі ұрықтың даму бұзылыстарынан немесе туылу кездеріндегі кесепаттардан дамиды болулары мүмкін. Жүре пайда болған аурулар: жұқпалы және жұқпалы емес болуы ықтимал.

Ауру деп айту үшін оның мынадай үш түрлі нышандары болуы қажет:

1. тұлғалық әйгіленімдері (субъективтік симптомдары) немесе науқас адамның өзін-өзі сезінуі;
2. дерттің дәлелімді әйгіленімдері (объективтік симптомдары);
3. қоршаған ортаның ықпалдарына науқас адамның икемделіп-бейімделу мүмкіншіліктерінің шектелуі.

Даму
жылдамдығы
мен көріну
қарқынына
қарай:қауырт,
жіті, жедел
дамитын, тез
дамитын, баяу
дамитын,
созылмалы
ауруларға
ажыратылады.



Қайталану (рецидив) - аурудың клиникалық көріністерінің уақытша жоғалуынан кейінгі қайталануы.

Асқыну - ол негізгі аурудың ерекшеліктерімен байланысты немесе өткізілген диагноздық және емдік шаралардың күтпеген салдарлары ретінде пайда болады. Көптеген дәрілерді науқас адамның денесіне жібергенде (антибиотиктер, новакаин, витаминдерді ж. б.) анафилаксиялық шок дамуы мүмкін.

Өлім - организмдегі тіршіліктің толық тоқтауы. Табиғи және мезгілсіз немесе патологиялық өлім болады. Табиғи өлім тұлға тіршілігінің заңды аяқталуы болып есептеледі, ол организмнің әбден қартайып тозуынан дамиды. Патологиялық өлім әрқашан мезгілсіз, кез-келген жаста болуы мүмкін. Өлім үш сатыдан тұрады:





Download from
Dreamstime.com

This watermarked comp image is for previewing purposes only.



ID 10381550

© Aleksandr Frolov | Dreamstime.com

Ақтық (терминалдык) жағдай. Бұл сатыны агония (грек. agonia - жанталасу) деп атайды, бірнеше минуттан 2-3 тәулікке дейін, бұл кезеңде организмнің барлық өмірге маңызды қызметінің бұзылуы болады. Клиникалық өлім – агониядан соң басталады, бұл кезеңде қан айналым, тыныс алу тоқтайды, рефлексдер жоқ. Биологиялық өлім – ұлпаларда кері қайтарылмайтын өзгерістер болады, өмір сүру қабілеті орнына келмейді. Бұл нағыз өлім.



Назарларыңызға рахмет